



№2 (58) Маусым 2024

Қазақстан балалары





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

111

БАЛАЛАРДЫҢ
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қымбатты дос!

Сенім телефоны арқылы
көмектесу құпия және тегін!



Әрбір адам өмірінде қиын жағдайға тап болуы мүмкін. Сенім телефоны сізге көмек қолын созып, қандай жағдай болмасын, тығырықтан шығар жолды табуыңызға көмектеседі.

Сенім телефонының көмегіне балалар да, ересектер де жүгіне алады. Әрбір адамның арыз-шағымы тыңдалып, білікті маман кеңес береді. Барлығымыздың да көңіл-күйіміз сәт сайын өзгеруі мүмкін, қуаныш пен бақыттан бас айналып, артынша, өмірден баз кешіп кете жаздайтын жағдайлар кездеседі. Сондықтан да маманмен кеңесіп тұрған абзал, оның көмегінің арқасында даудамайдың және ойланбай істеген әрекеттің алдын ала аласыз.



Балалардың
СЕНІМ
ТЕЛЕФОНЫ



Құрметті
оқырмандар!

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен телеграмм мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді. Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында 24/7 режимінде Balaqorgaubot2.0 телеграм-боты іске қосылды. Балалардың қауіпсіздігі мен амандығы біздің қолымызда!



BALAQORGAUBOT2.0



Құрметті оқырмандар –
құрметті оқушылар, қадірменді
ата-аналар мен ұлағатты
ұстаздар!



Сіздерді біздің ғылыми-әдістемелік журналымыздың екінші санын назарларыңызға ұсынатынымызды қуана хабарлағымыз келеді. Бұл шығарылым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай арнайы дайындалды. Барлық балаларға арналып жасалатын бұл мереке олардың құқығын қорғаудың маңыздылығын еске салады және болашақ ұрпақтың бақытты әрі қауіпсіз өсуі үшін әрқайсымыздың жауапкершілігімізді арттырады.

Бұл нөмірде біз «Қазақстан балалары – бүгінгің батырлары» тақырыбында ой қозғаймыз, балалардың қауіпсіздігі үшін аса маңызды «қауіпті ойыншықтар» туралы ақпарат ұсынамыз. Сондай-ақ демалысты қызықты әрі пайдалы өткізу үшін Қазақстанның ең керемет туристік мекендерін таныстырамыз.

Бала тәрбиесіндегі көшбасшылық қабілеттерді дамыту және эмоциялық интеллекттің қалыптасуы, ата-аналар мен мұғалімдер үшін маңызды мәселелер де назардан тыс қалмайды. Сонымен қатар, үй жағдайында балалармен бірге жүргізуге болатын ғылыми тәжірибелер және олардың денсаулығы мен дамуы туралы қызықты материалдар да ұсынылған.

Қадірлі ұстаздар мен ата-аналар! Сіздерге балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі үлкен еңбектеріңіз үшін алғыс білдіреміз. Балалардың дені сау, оқуда табысты болуы – біздің ортақ мақсатымыз. Әрбір бала біздің қолдауымызға мұқтаж екенін ұмытпайық!

Сіздерге игілік, шабыт пен табыс тілейміз!

Құрметпен,
Насымжан Жамбекқызы Оспанова
ҚР ОМ Балалардың құқықтарын
қорғау комитетінің төрағасы

Қазақстан балалары

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ /
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
№2 (58) Июнь 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
А.А. КАЙЫРБАЕВ

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:
Н.Ж. ОСПАНОВА
Ю.Р. ОВЕЧКИНА
Д.Т. МАКТАЕВА
А.И. ТАСБУЛАТОВА
А.Е. МАКУЛБЕКОВА
Р.А. КОЗКЕЕВА

ФОТО, ДИЗАЙН И ВЕРСТКА:
Ю.В. ВЕРОВСКАЯ

КОРРЕКТОРЫ:
Е.С. КАРАБАЕВ

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
А15А0Е6, г. Алматы, бульвар
Бухар Жырау, 27/5, оф. 589
Тел.: +7 (7273) 912-030
Email: info@reindeer.kz

СОБСТВЕННИК ЖУРНАЛА:
Республиканское государственное
учреждение «Комитет по охране прав
детей Министерства просвещения
Республики Казахстан»

ПЕРИОДИЧНОСТЬ ИЗДАНИЯ
ЖУРНАЛА:
Четыре раза в год

Регистрационное свидетельство
№ 10900-Ж от 30 апреля 2010 г.,
выдано Комитетом информации и
архивов Министерства культуры и
информации Республики Казахстан.

За точность фактов и достоверность
информации ответственность несут
авторы материалов.

Отпечатано в ТОО «РД Эдвайзори»
Заказ № 1
Тираж 100 экз.

www.qazaqstanbalalary.kz



1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ!





Балалық шақты қорғау, баланың әл – ауқатын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының маңызды және басым бағыттарының бірі болып табылады.

Осы себепті 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнінің аталуына Қазақстанда ерекше назар аударылады.

Мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, бизнес-топтардың, ата-аналар жұртшылығының, БАҚ-тың күш-жігері біріктіріледі.

Бұл күн еліміздің балалар халқының өмір сүру сапасын қамтамасыз ету, құқықтары мен мүдделерін орталық және жергілікті деңгейлерде мемлекеттік саясаттың алдыңғы қатарына шығару, білім алу, демалу және т. б. құқықтарын сақтау мәселелерін өзектендіруге арналған.

Біз әрбір қазақстандық бала үшін балалық шақ саласын анағұрлым қолайлы еткіміз келеді.

Уақыт тенденцияларын ескере отырып ағымдағы жылы Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеудің форматы да өзгеруде. Елімізде дәстүрлі түрде балаларға арналған ойын – сауық іс-шараларын өткізумен қатар, осы күннің барлық шығармашылық және мәдени іс-шараларының негізін балаларды қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне бағыттау ұсынылды.

Жалпы республика бойынша 1 маусымда Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу шеңберінде 5 млн. астам бала қамтылып, 1 мыңнан астам бұқаралық іс-шаралар өткізілді деп сенімді айта аламыз.

Осындай ауқымды іс-шаралардың бірі Мемлекет басшысының қатысуымен Алматы қаласында өткізілген «BALAFEST Jas Galym Science Quest» балалар фестивалі. Фестиваль үлкен ойын түрінде немесе бірнеше кезеңнен тұратын квест түрінде өткізіліп 1500-ден астам баланы қамтыды. Квест соңында



қатысушылар медаль және естелік сыйлықтарды йеленіп, қатысушылар еліміздің Президентімен тілдесуге мүмкіндік алды.

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігімен мерекелеу тұжырымдамасына сәйкес ауқымды 4 бағыт бойынша іс-шаралар жоспарланып жүзеге асырылды.

1 бағыт «АҚОРДАҒА САЯХАТ» –

Президент резиденциясына саяхат!

Өңірлердің халықаралық және республикалық зияткерлік, шығармашылық және спорттық байқаулардың жеңімпаздары, су тасқыны аймақтарынан келген 81 бала ҚР Президентінің резиденциясына барып, бірегей сәулет ансамблімен, ҚР Президентінің жұмыс орнымен, оның күн тәртібімен танысты, сондай-ақ Резиденция аумағындағы бақшада серуендеді.

Елорданың тарихи рөлін көрсету үшін Астана қаласының мәдени және ойын-сауық орындарына, соның ішінде Ұлттық музейге, «Нұр Әлем» мұражайына экскурсиялар ұйымдастырылды.





2 бағыт «БАЛА ҮНІ» – Оқу-ағарту вице-министрі Е. Оспанның және Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Д. Закиеваның қатысуымен ауылдық жерлерден және су тасқынынан зардап шеккен өңірлерден келген және ерлік көрсеткен 41 баламен кездесуі өткізілді.

Кездесу ашық диалог форматында өтті, онда балалар өздері, отбасы, мектептегі жетістіктері, хоббиі, қызығушылықтары мен армандары туралы айтты. Балаларға «Балдәурен» РОСО естелік сыйлықтар мен жолдамалар табыс етілді, ержүрек балалардың еңбегі батыр балалар мен олардың ата-аналарына алғыс хаттар табыс етілді.

Мақсаты балалардың қоғам өміріне қатысу құқығын іске асыру бойынша диалог жүргізу, кездесуі

ұйымдастыру. Қазақстандық балалардың өмірін жақсартуға бағытталған идеялармен таныстыру. Батыр балалардың тәжірибесімен бөлісу.

3 бағыт «БАЛАЛАР ӘЛЕМІ» – ОМО, БҚУ, ӨБҚУ, ҮЕҰ, мектептер, медициналық мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар, балалардың құқықтарын қорғау саласына үлес қосқан азаматтардың қатысуымен республикалық брифингтің өткізілді.

Мақсаты жалпы платформада ақпарат алмасу, өзекті мәселелер мен жетістіктерді талқылау, халықтың хабардарлығын арттыру және балалардың құқықтарын қорғау саласында қоғамдық қолдауды қалыптастыру үшін мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да мүдделі тараптардың күш-жігерін біріктіру.





4 бағыт «БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ҮШІН» - жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларымен диалог алаңын өткізу, бұқаралық ағарту, мәдени, спорттық және ойын-сауық іс-шаралары, әлеуметтік бастамалар, білім беру науқандары мен бағдарламалары, челленджер, шеберлік сыныптары және т. б. өткізілді.

Мақсаты балалық шақ мәселелеріне жұртшылықтың назарын аудару, сондай-ақ Бала құқықтары туралы конвенция нормаларын іске асыру бойынша Қазақстанның 30 жыл ішінде атқарған жұмысының қорытындысын шығару.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен 1 маусымда елдің барлық өңірлерінде «Алтын балалық шақ» атты онкүндік басталды. Бұл шара балалардың құқықтары мен міндеттері, отбасылық құндылықтарды насихаттау, спорттық, тарихи-өлкетану және экологиялық бағыттар, қауіпсіздік мәселелері, қайырымдылық, оқу мәдениеті және таланттар шеруі сынды тақырыптарды қамтиды.

• Қалалық және облыстық мәслихаттардың депутаттары мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері балалар үйі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерге, балаларды оңалту орталықтарына, сондай-ақ ауруханаларға барып қайтты.

• Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласындағы арнайы мекемелерде мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып, ойын-сауық бағдарламалары, фотосессиялар, спорттық және шығармашылық байқаулар өткізілді.

«Бақытты балалық шақ үшін» республикалық акциясы аясындағы іс-шаралар қоғамның назарын балалар мәселелеріне аударуға бағытталған. Бұл акцияға облыс, қала және аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, педагогтар, ата-аналар, балалар, үкіметтік емес ұйымдар және түрлі кәсіпорындар қатысты.

Акция аясында балалар үшін театрларға, кинотеатрларға, мұражайларға және концерттерге тегін немесе жеңілдетілген бағамен кіру ұйымдастырылды.





Сонымен қатар, сурет салу, музыка, би және басқа да шығармашылық түрлері бойынша шеберлік сабақтары, спорттық жарыстар, турнирлер және жаттығулар, білім беру лекциялары, семинарлар және интерактивті сабақтар өткізілді. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтарында кездесулер, психологтардың кеңес беру орындарында ата-аналар мен балаларға көмек көрсету бойынша консультациялар ұйымдастырылды. Жанұяларды біріктіруге және мектепте достық атмосферасын қалыптастыруға бағытталған отбасылық іс-шаралар, патронаттық және қамқорлық отбасыларының ең үздік тәжірибелерін бұқаралық ақпарат құралдарында тарату, қайырымдылық акциялары мен

жобалар, мәдениет және өнер қайраткерлерімен, ғалымдармен және спортшылармен кездесулер өткізілді. Сондай-ақ, кітапханаларда, балалар емханаларында «Ашық есік күндері», балаларды құқықтық ақпараттандыруға, жарақат алудың алдын алуға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ақпараттық хабарламалар жасалды. Акция аясында 111 сенім телефоны, «Бала қорғау» Telegram-чаты, call-орталықтар және сенім телефондары туралы ақпарат таратылды. Сонымен қатар, «Қауіпсіз жаз» акциясы аясында балалардың сауықтыру орталықтары, аттракциондар мен ойын алаңдарының жағдайына мониторинг жүргізілді.


*Тасбулатова Айгуль Иертаевна, ҚР
ОМ Балалардың құқықтарын қорғау
комитетінің бас сарапшысы*

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТА ҚАЙДА САЯХАТТАУҒА БОЛАДЫ

Қазақстанның ең керемет туристік мекендері

Қазақстан Республикасы - әдемі әрі қызықты өлке. Мемлекет өзінің ерекше табиғатымен, тұзды және тұщы су қоймаларымен, ұлттық саябақтарымен танымал. Біздің еліміздің көрікті жерлеріне қызығушылық танытатын шетелдік туристер саны да артып келеді. Сондықтан болар қазақстандықтардың да отандық туризмге назары ауып, ел ішіндегі ғажап мекендерді аралап жүр.

Жаз келгенде еске суға түсу түсетіндіктен, алдымен ыстық күндері шомылуға болатын демалыс орындарына тоқталайық.



АЛАКӨЛ


Алакөл - Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда Абай және Жетісу облыстарының шекарасында орналасқан үлкен ащы-тұзды көл. Су қоймасының қазақ тілінен “түрлі-түсті көл” деп аударылатын дыбыстық атауды алуының да мәні бар. Судың түсі күні бойы өзгеріп отырады, яғни таңертең көгілдір көк түсті болса, күн батқанда дейін күлгін түске өзгереді. Шуақты күндерде көл суы түрлі түсті, ал бұлтты ауа райында сұр-қара болады.

Алакөл қолжетімді бағада, жақсы демалып келуге мүмкіндік беретін жер. Демалуға пойыз, автобус немесе көлікпен баруға болады, дегенмен автокөлікпен бару айтарлықтай шаршатуы мүмкін. Ал пойызбен бару ыңғайлырақ, бірақ билетті алдын ала сатып алған жөн.

Алакөлдің таңғажайып жағажайы қара, илектелген және тегіс тастардан, қиыршық тастардан тұрады. Бірақ жалаң аяқ қиыршық тастармен жүру мүмкін емес, сондықтан міндетті түрде аяқ киім ала бару қажет.


Алакөл көлінің айналасында көптеген демалыс орталығы салынған. Бір бөлмені жалға алатын болсаңыз, күніне үш мезгіл тамақтану бағасына кіреді. Немесе жақын маңдағы ауылда жергілікті тұрғындардан бөлме жалға алуға болады.

Мұнда шомылу маусымы 1,5 айға ғана созылады, яғни шілденің басынан тамыздың ортасына дейін. Маусымнан тыс уақытта су суық, жел соғып, көлде үлкен толқындар пайда болады.



БАЛҚАШ

Бұл тұзды, ағынды емес екінші үлкен көл. Тар түбек пен оның етегінен өтетін ұзын - Арал бұғазы Балқашты екі бөлікке бөледі, оның батыс бөлігінің тереңдігі таяз, суы тұщы, ал көлдің шығыс бөлігі тұзды және терең. Балқаш көлінде демалудың танымал түрі - жағажай туризмі. Демалушыларға көптеген аймақ пен демалыс үйлер, қонақ үйлер мен санаторийлер қызмет көрсетеді. Су спортымен айналысуға және балық аулауға баруға мүмкіндік бар.



БУРАБАЙ

Ақмола облысының басты табиғи көрікті жерлері - “Бурабай” ұлттық табиғи паркінің нысандары. Саябақты Қазақстанның інжі-маржаны және Қазақстандағы Швейцария деп те атайды.

Курорттың ең әдемі жері Щучинск қаласынан 25 шаршы қашықтықта орналасқан биіктігі 947 метрлік Көкшетау (Синюха) тауы. Ұлттық саябақта 14 ірі (Бурабай, Щучье, Катаркөл және т.б.) және көптеген ұсақ көл орналасқан. Көлдердің жағасында жыл бойы келушілерді қабылдайтын көптеген санаторий, балшықпен емдеу және пансионат бар.



МАҢҒЫШЛАҚ (МАҢҒЫСТАУ)

Бұл Қазақстандағы Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы түбек. Түбектің аумағында Қазақстанның Маңғыстау облысы орналасқан. Түбекте көптеген емдік орталық бар, олардың сулары хромға, бромға, натрийге бай. Бекет ата қорымының аумағында жартастағы ойылған мешіт орналасқан, ол XVII ғасырдың мәдени-мемориалдық ескерткіші болып саналады.



БҰҚТЫРМА СУ ҚОЙМАСЫ

Қазақстанда жабайы демалыс ұйымдастыру үшін Бұқтырма су қоймасы керемет мекен. Бұл 1960 жылы Ертіс өзенінде құрылған жасанды су айдыны. Қазақстанның шығысында Өскеменнен 100 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұқтырма су қоймасы, елдің ең ірі су қоймасы және 5500 шаршы аумақты алып жатқан әлемдегі бес ірі су қоймасының бірі. Мұнда шілде-тамыз айларында, жасанды теңіздің салқын суы +21-23 °С дейін қызған кезде керемет демалыс өткізуге болады.



АҚТАУ

Ақтау - Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан шағын курорттық қала. Мөлдір теңіз, құмды жағажайлар, су асты әлемі мен пальмалар - Ақтаудың басты көрікті жерлері. Бұл аймақтағы жағажай маусымы маусымнан қазанға дейін созылады. Ақтаудың ең танымал жағажайлары - Маракеш, Манила, Достар және Нұр Плаза.

ҚАПШАҒАЙ

Қапшағай су қоймасы және Көлсай көлдерінің жанында арзан демалуға болады. Ол Қонаев қаласында орналасқан. Оның жағалауында көптеген демалыс орындар бар, олардың арасынан арзан жерлерді де табуға болады. Демалыс орны соңғы кезде қазақстандықтардың аса назарын аударып жүрген мекен. Онда жағажайлардың жағдайы жақсарып, көптеген жаңа курорттар ашылып жатыр.

Бұл еліміздегі шомылуға мүмкіндік беретін жерлер. Қазақстанда бұдан басқа шексіз шөлдер мен қатал тау шыңдары, таңғажайып жартастар бар.



ШАРЫН ШАТҚАЛЫ

Алматыдан үш сағаттық жерде орналасқан ашық қызыл жартастар. Шарын шатқалы ауқымдылығы мен әсем бейнесі үшін Жергілікті Үлкен каньон деген атау алған. Шарын өзенінің бойымен созылған жартастар таңғажайып тас мұнараларға ұқсайды және биіктігі 300 метрге жетеді. Бірнеше миллион жыл бұрын шатқал орнында үлкен көл болған. Бірте-бірте оның суы құрғап, Шарын тау өзені тастар арқылы өтетін жолды кесіп өткен, осылайша шатқал пайда болған. Қазір Шарын шатқалы Қазақстанның басты көрікті жерлерінің қатарына кіреді.



ӘНШІ БАРХАН

Алматы маңында тағы бір танымал мекен - үш шақырымға созылған тік беткейлі үлкен кварц құмы тауы. Үлкен бархан мұнда шамамен 10 мың жыл бұрын пайда болған. Ол екі таудың арасында орналасқандықтан, пішінін өзгертпейді және қозғалыссыз қалады. Мекеннің “Әнші бархан” деп аталуының өзіндік себебі бар. Мұнда жауын-шашынсыз ауа райында құм түйіршіктері бір-біріне үйкеліп, ұшақтың гуіліне ұқсайтын дыбыс шығарады. Мысалы, біреу құммен жүретін болса, Барханның әні бірнеше шақырым жерге дейін естіледі.


Әнші бархан “Алтынемел” ұлттық паркінің аумағында орналасқан, сондықтан келу үшін арнайы жолдама рәсімдеу қажет. Мұны жақын маңдағы Басши ауылында немесе телефон арқылы саябақ қызметкерлерімен хабарласып, жасауға болады.



КӨЛСАЙ ЖӘНЕ ҚАЙЫҢДЫ КӨЛДЕРІ

Көлсай көлдері - әлемдегі ең әдемі жерлердің бірі. Оларды Тянь-Шаньның көк інжу-маржаны деп атайды. Қазақ тілінен аударғанда “Көлсай” - “шатқалдағы көл” деген мағынаны білдіреді. Осы аттас үш су айдыны Алматыдан 300 шақырым Күнгей-Алатау жотасының шығыс бөлігіндегі Көлсай шатқалында орналасқан.

Бірақ Қайыңды көлі басқалардан өзінің пайда болу тарихымен ерекшеленеді. Ол XX ғасырдың басында, яғни 1911 жылы Верный қаласында болған (қазіргі Алматы) ең ауыр жер сілкінісінен кейін пайда болған. Қайыңды шатқалы опырылып құлап, кішкентай өзеннің орнында қылқан жапырақты орманы бар әдемі көл пайда болды.



АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ ҚОРЫҒЫ

Қазақстанның ең көне 1926 жылы құрылған қорығы. Ол Батыс Тянь-Шань таулы аймағында Өзбекстан мен Қырғызстан шекарасында шамамен 130 мың гектар жерді алып жатыр. Қарлы шыңдар, түрлі шөпті далалар, керемет шатқалдар, таулы өзендер мен сарқырамалар бар. Қорықта палеозой дәуіріндегі ұлулар мен маржандардың тасқа айналған қалдықтары бар жартастарды немесе Юра дәуіріндегі балықтар, жәндіктер мен өсімдіктердің іздері бар палеонтологиялық аймақтарды көруге болады.

Қорыққа өз бетінше бару мүмкін емес, өйткені аумақта жыртқыш жануарлар, сондай-ақ Халықаралық Қызыл кітапқа енгізілген сирек кездесетін түрлер өмір сүреді.



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҮСТІРТ ҮСТІРТІ МЕН БОЗЖЫРА ШАТҚАЛЫ

Бозжыры Маңғыстаудың ең ауқымды және әсерлі көрікті жері. Бозжыра - Үстірт үстіртінің батыс шетіндегі шатқал, үлкен жартастары бар, әктас жыныстарынан тұратын жеке таулар. Қазақ тілінен бұл ерекше атау "сұр жыра" немесе "сұр-көк ойпат" деп аударылады. Су, жел және уақыт таңғажайып жартастарды тудырған.

Жүздеген миллион жылдар бойы мұхит түбінде қысыммен әктас қабаттары жиналған, олардың биіктігі бүгінде 250 метрге дейін жетеді. Бұл тұқымда теңіздің ежелгі тұрғындарының қалдықтары сақталған: қабықтар, акулалардың тістері, балдырлардың діңдері және басқалары. Содан кейін тектоникалық ығысудың арқасында Үстірттің үлкен үстірті көтеріліп, су тартылған. Эрозия процесі басталды, ол шамамен 40-60 миллион жылға созылып, қазіргі



көрініс жасалды. Бұл процесс тоқтамайды-мыңдаған жылдардан кейін Бозжыры шатқалы көрінісі мүлде басқаша болуы мүмкін.

ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР

"Астана-Бәйтерек" монументі

Бұл ел тәуелсіздігінің символы және Қазақстан астанасының ең танымал көрікті жерінің бірі. 2002 жылы салынған үлкен ескерткіш күн сәулесінде әртүрлі түстермен әдемі жарқырайтын үлкен шыны шары бар әсем биік вазаға ұқсайды.



ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ

ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген ортағасырлық көрнекті ескерткіш. Үлкен мемориалдық кешен мешіт пен кесене қызметін атқарған. 10 қабатты әсерлі ғимарат ою-өрнектермен және Құран жазуларымен әшекейленген. Ғимараттың диаметрі 22 метр болатын кірпіш күмбезі бар. Кесененің ішінде - жиналыстар мен ғибадаттарға арналған 35 бөлме бар. Сондай-ақ, ғимаратта асхана, кітапхана және қазандық бар.

Қазақстан өзінің тарихи ескерткіштерімен және таңғажайып табиғи орындарымен танымал. Керемет мешіттер, жергілікті шатқалдардың пейзаждары, ежелгі петроглифтер мен биік көлдер ешкімді де бейжай қалдырмайды.



КӨШБАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ҚҰПИЯСЫ



Адамзат қоғамында өзіндік орыны, атқаратын қызметі бар, айналасындағы адамдардан ерекшеленіп тұратын тұлғаны көшбасшы деп айтамыз. Бұл сөздің пайда болуын әр елде әртүрлі сипаттайды. Ертеде Қазақстанның Батыс пен Орталық өңірінде көшпелі және жартылай отырықшы шаруашылыққа сай, қазақ халқының жиі көшіп-қонып өмір сүруіне тура келген. Сол аралықта көшті бастап, тура жолды білетін адамды ортадан сайлап, оны көшбасшы деп атаған. Көшбасшының қызметіне тек көштің алдында жүріп жол бастау емес, жергілікті ру-тайпалардың тарихын білетін, көпті көрген көреген кісілерді қоятын болған. Одан бері талай жыл өтсе де, қоғамда көшбасшының рөлі күні бүгінге дейін маңызды. Өзіңе толықтай сенімді, басқарушылық қабілеті мен елді алға сүйрейтін сөзі бар азаматтар – бүгінгі күннің көшбасшылары! Қазір қоғамда осы көшбасшы кім, басшы кім деген сұрақ қызу талқыға түсіп жатыр. Ол тақырыпты талқыламас бұрын, әлемге шолу жасап, көшбасшы термині қалай пайда болғанын білейік...

Көшбасшылық - өркениет пайда болғаннан бері адамзат қоғамының негізгі аспектісі болды. Аталған ұғым мыңдаған жылдар бойы мәдени нормалардағы өзгерістерге ұшырау арқылы дамып отырған. Оларды біз бүгінде бірнеше кезеңге бөліп қарастырамыз.

Тарихқа дейінгі дәуірде көшбасшылық көбінесе дене күшіне, аңшылық дағдыларына және тайпаны қорғау қабілетіне негізделген. Сол дәуірдегі көшбасшы, топтың аман қалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын ең күшті аңшылар мен жауынгерлер болған. Уақыт өте келе адамзаттың көшпелі өмір салты аграрлық өмір салтына көшкен сайын, қауымда басшы көсем деген

ресми сипатқа ие болды. Көсемдер немесе патшалар деп аталатын көшбасшылар ауылшаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруға, қауымдастықтағы тәртіпті сақтауға жауапты болды. Одан кейінгі кезеңдегі өнеркәсіптік революция қоғамға елеулі өзгерістер алып келді. Жаһандық жаңарудағы көшбасшылық позицияға жаңа дем әкелген ХХ ғасыр кезеңі. Көшбасшылық жаңаруға Уинстон Черчилль мен Махатма Ганди харизма, трансформациялық басқаруды қосты. Жылдар өткен сайын көшбасшы болу қабілетінің талаптары да өзгеріп отырады. Алайда, олар орта таңдамайды. Яғни, нақты жағдайға және контекстке байланысты өзін әртүрлі ортада таба алады. Көшбасшының әр ортаға бейімделуі және кез-келген жағдайда адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алуы маңызды. Көшбасшы қай жерде орналасса да айналасындағы адамдарды шабыттандырып, ынталандырып жүруі керек. Ол кез-келген ортада сәтті жұмыстар істелуі үшін жаңа идеялар мен перспективаларға ашық болуы маңызды. Ендеше, қоғамда қай ортада нақты көшбасшы сайлануы қажет және оның атқарар нақты қандай қызметтері бар екені жайлы айтайын:

Бірінші, ол бізде демократиялық қоғам: Көшбасшы - әрбір азаматтың пікірі бағаланатын және әркімнің қоғамдық жағдайларда айтар ойы еленетін ортада жұмыс істеуі керек. Соған орай, біздің қоғам да мәдени, этникалық және гендерлік әртүрлілікті қабылдай алуы керек. Бұл көшбасшыларға шешім шығару үшін кең ауқымды пікірлер мен идеяларды жеткізуге мүмкіндік береді. Ақпараттандырылған қоғамда да көшбасшы басты рөл атқарады. Көшбасшы білімге басымдық берілген қоғамда жұмыс істеуі арқылы халық үшін өзгерістерді қабылдап, елдің дамуына атсалысады. Азаматтардың



ақпаратқа сауатты түрде еркін және ашық болуы, көшбасшымен сенімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді.

3. Экономикалық қоғамда көшбасшы ұзақ мерзімді жобалар мен бастамаларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұрақты жүйе ойлап табады. Елде экономикалық өсу мен өркендеу болуы үшін жағдай жасай отырып, инновациялар мен кәсіпкерлерді ынталандыруы керек. Ал, көшбасшы сол жолда қызмет атқарады.

Көшбасшы демократиялық құндылықтарды, білімділікті, экономикалық тұрақтылықты, әлеуметтік жауапкершілікті, заңдарды сақтауды және азаматтық белсенділікті насихаттайтын қоғамда жұмыс істеуі керек. Мұндай жағдайлар көшбасшыларға тиімді болуға және өз қоғамына нақты пайда әкелуге мүмкіндік береді, оның ұзақ мерзімді дамуы мен нәтижелі жұмыстар атқаруына ықпал етеді.

Жалпы, адамзат тарихында ғалым Ричард Строчи-Хеклер көшбасшылықтың екі типін анықтаған. Оның біріншісін қоғамдағы рөл деп қарастырса, екінші типті өмір салты деп алған. Жаңа жоғарыда берілген анықтаманың барлығы – қоғамдағы көшбасшының рөлі мен атқаратын қызметі болып табылады. Халық көзімен қарағанда көшбасшы – елді алға сүйрейтін, белгілі бір нәтижеге ынталандыратын адам ретінде көрінеді. Екінші тараптан алғанда көшбасшының жай күйі, өмір сүру салты – оның өзін-өзі басқаруынан туындайтын дүние болып қалыптасқан. Көшбасшы да болу қажет ең бірінші қасиет – жауапкершілік. Адам өз-өзіне жауап беріп, өзінің іс-әрекеттерін басқара алатын болса, жанындағы адамдарды да өз жауапкершілігіне алады. Басқарушылық – ол адамның бойындағы ішкі ұғым, жасырын қабілет. Ол үнемі адамзатты алға



жетелеп, болашақ өміріне мотивация беретін мағынада қолданылған.

Көшбасшы ол – өзінің өмір салты бар, ішіндегі бүкіл өзімшіл мінезін жеңген, балапозициядан ересек жолды таңдаған адам. Жауапкершіліктен қашпай, өз ортасында ылғи жаңа бастамаларға дайын болып қана қоймай, өзінің лидер екенін бірден өзгелерге көрсетеді. Көшбасшылық – өмір салты ретінде өмір бойына атқарылатын іс-әрекеттер деп есептеледі. Көшбасшылық та белгілі мерзім немесе аралық болмайды. Сонау тарихта бой көрсеткен тұлғалардың ұрпағы бүгінде халықтың алдығы қатарында қызмет етуде. Сонымен қатар, көшбасшылық – жасқа да, жынысқа да, ұлтқа, басқа да әлеуметтік факторларға қарамайды. Кез-келген адам, кез-келген іске бастамашы бола алады. Кейде халық арасында "көшбасшы болып туылу да керек шығар" сынды пікірлер туып жатады. Ғылым жолында көшбасшылықты зерттеп, оқырманға

қарапайым тілмен түсіндіріп жүрген зерттеуші Уоррен Беннис лидерлік қабілет – ол жүре келе пайда болатын дағды деп түсіндіреді. Жұмысың жүйелі, бірақ қатардағы қызметкер болсаңыз да, бойыңыздағы басқа да қасиеттерді дамыту арқылы жасампаз лидер болуға мүмкіндік бар.

Қоғамдағы көшбасшы басқаратын ұжымның табысы мен дамуын анықтайтын негізгі факторды көшбасшылық деп атаймыз. Көшбасшылықтың негізгі қызметі – ортақ мақсаттарға жету үшін басқаларды шабыттандыру, бағыттау және қолдау көрсету қабілеті. Тиімді көшбасшылар алдына мақсаттарды қоюмен шектелмей, ондағы адамдардың жету жолында басшылық етеді. Игі іске жол көрсетіп, істің басында мұрындық болып жүреді. Көшбасшылық мәні – бизнес пен саясаттан бастап, білім беру мен коммерциялық емес ұйымдарға дейінгі әртүрлі салаларда маңызды рөл атқарады. Әр саланың лидері өз





ортасында стратегиялық бағытты белгілеп, толағай табысқа жетелейтін маңызды шешімдер қабылдайды. Көшбасшылық статусы Қазақстанның дамуында, оның ішінде саясатта, бизнесте, білім мен әлеуметтік саланың дамуына үлес қосады. Күнде құбылысқа ұшырап жатқан жаһандық даму кезеңінде елімізге халықты кемел болашаққа жетелейтін, бәсекеге қабілетті көшбасшылар қажет.

1991 жылы тәуелсіздігімізді алғаннан бастап, тұңғыш президентімізден бастап, барша елге жаны ашитын тұлғалар бір-бір саланың басын ұстап, елдің тұтқасына айналды. Қазіргі таңда ел экономикалық өсуге, халықаралық деңгейде танылуға ұмтылу кезеңінде көшбасшылық үлкен рөлге ие болып отырғаны анық. Дәл қазіргі уақытта елімізде экономикалық және әлеуметтік дамуға бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялар әзірленуде. Мұндай бастамаларға мысал ретінде «Қазақстан 2050» стратегиясы мен

«Нұрлы жол» бағдарламасын келтіруге болады.

Елдің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың инновациялық технологиялары мен тәсілдерін енгізуде көшбасшының атқарар қызметі көп. Осы жолда әрбір азамат өзін тұлғалық жолда дамыту арқылы, қоғамға пайда әкеле алады.

Қазақстанда саясатта, бизнес, ғылым мен мәдениетті қоса алғанда түрлі саланың өз көшбасшылары бар. Саяси көшбасшылардың бірі де бірегейі деп - 2019 жылдың 20 наурызынан бері Қазақстан президенті қызметін атқарып келе жатқан Қасым-Жомарт Тоқаевты айтамыз. Ол 2019 жылдан бері Қазақстан президенті, бұған дейін Парламент Сенатының төрағасы, Премьер-министр және Сыртқы істер министрі қызметтерін атқарған. Тоқаевтың БҰҰ-да жұмыс істеген халықаралық дипломатияда да айтарлықтай тәжірибесі бар. Ғылым жолында белгілі қазақ ғалымы, ҚР ҰҒА академигі Мұрат Жұрынов есімін



жұрт лидер деп таныса, мәдениетте бәрімізге белгілі ұлтжанды әнші Димаш Құдайбергенді ерекше атап өтуге болады. Бұл көшбасшылар өз саласы бойынша елді инновациялық дамыту арқылы экономикалық өсімді қалыптастырып, Қазақстанның болашағына жол ашуда.

Қоғамда лауазымды адамдар ғана көшбасшы бола алады деген кереғар пікірді жою керек. Әр адам өзін дамыту арқылы, өз-өзін басқару арқылы лидер бола алады. Озық ойлы, болашаққа нық қадам баса алатын, ерік-жігері кез-келген істе бастамашы бола алатын әрбір азамат көшбасшылық жолға түсе алады. Ендеше, қарапайым адамдардың көшбасшы болу да қандай дүниелерді ескеруі қажет, қарапайым құпиясына назар салыңыз:

1. Өзін-өзі басқару

Алдымен, лидер болатын адам өзімен айналысу қажет. Өзін-өзі танып, өзінің күшті жақтарын, әлсіз жақтарын, эмоцияларын басқару арқылы ішкі әлемін жеңе алады. Өзін танитын көшбасшылар өздерінің реакциялары мен өзара әрекеттесулерін жақсы басқара алады. Эмоциялар мен мінез-құлықты бақылау, әсіресе стресстік жағдайларда, оң шешім табу ұжымды сақтауға көмектеседі.

2. Стратегиялық ойлау

Екінші құпия, болашаққа нақты көзқараспен ашық қарай алуы. Көшбасшылар бұл көзқарасты өз командасын ортақ мақсаттарға қарай ынталандыру үшін қолданады.

Қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарды ескере отырып,



стратегия құру арқылы жоспарлайды. Олар қиындықтарды алдын ала болжап, жеңу үшін арнайы жоспарлар құрады.

3. Коммуникация

Көшбасшы болу үшін адамдармен тіл табысу, ортақ әңгіме айту сіз үшін қиындық тудырмауы қажет. Сонымен қатар, командада өз идеяларын анық және дәлелді түрде жеткізу үшін, сенімді дикция болуы шарт.

4. Эмоциялық интеллект

Эмпатия: Топ мүшелерінің эмоцияларын түсіну және оларға эмпатия жасау, қолдау. Эмоциямен жұмыс істеу, харизма көшбасшы болу жолында адамдармен қарым-қатынас орнатуға, әлеуметтік қақтығыстарды басқаруда көмектеседі.

5. Адалдық және жауапкершілік

Әділдік пен жауапкершілік – көшті бастау жолындағы ең маңызды қабілет болып табылады. Өз әрекеттеріне қашанда жауапкершілікпен қараған адам, тобының әрбір ісі үшін адал күреседі.

Сондай-ақ, көшбасшылыққа жету жолы үнемі өзін-өзі дамытуды, бейімделуді және басқалардың өсуіне көмектесугедегеншынайыниетті талап етеді. Балалардың жастайынан адал, жауапкершілікті және үлгі алу сынды көшбасшылық қасиеттерін дамыту маңызды. Бұл дағдылар оларға сенімді және табысты ересек азамат болуға көмектеседі. Басқа елдер сияқты



Қазақстандағы көшбасшылықтың өзіне тән ерекшеліктері бар, бірақ негізгі қағидалары өзгеріссіз қалады: стратегиялық ойлау, эмоционалдық интеллект, коммуникативті дағдылар мен этика. Бұл қасиеттерді дамыту жеке және қоғам деңгейінде тұрақты даму мен өркендеуге ықпал етеді. Көшбасшылыққа ұмтылу түпкілікті мақсат емес, ол арқылы әркім өзін адамзаттың ең жақсы нұсқасы бола алатынына көз жетіп, игі іс жолына өзін арнауы. Еліміздегі көшбасшылық позициясының ерекшелігі – дәстүр мен инновацияның үйлесім табуы, өзіндік бірігуі. Көшбасшылар үлкенге құрмет, ұжымшылдық сияқты дәстүрлі құндылықтарды заманауи басқару әдістерімен және жаңашылдықпен шебер үйлестіреді. Бұл жаһандық өзгерістерге бейімделу кезінде мәдени бірегейлікті сақтауға мүмкіндік береді.

Көшбасшы болу тек билікке ие болу ғана емес, сонымен бірге басқаларды ортақ мақсаттарға жету үшін шабыттандыру, ынталандыру және бағыттау қабілеті екенін атап өтуге болады. Көшбасшылық – бойындағы дағдыларды дамыту арқылы пайда болатын ғылыми жол. Әрбір адамның бойында қажетті қасиеттер болса және өз бетімен жұмыс істеуге дайын болса, өз саласында көшбасшы бола алады. Көшбасшы – тек ұйымдастырушылық рөл ғана емес, елді дәстүрлі құндылыққа тәрбиелейтін, адамзатты құрметтеуге негізделген өмір салты.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МИССИЯСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында балалардың құқықтарын қорғау жүйесінде психологиялық қызметті дамытудың маңызды бағыты көрсетілген:

«...Жас ұрпақтың психикалық денсаулығы да маңызды». Білім беру ұйымдарында психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет...»



2024 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша 20 өңірде Психологиялық қолдау орталықтары ашылды. Психологиялық қолдау орталықтарын ашу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» қаулысының аясында қарастырылған.

Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында «Психологиялық қолдау орталықтарының» (бұдан әрі – ПҚО) жұмысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 13.02.2024ж. № 31 бұйрығы бойынша «Психологиялық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарға» сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

ПҚО өз қызметін келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асыру ұсынылады:

- дамытпалы кеңес беру;
- ғылыми-әдістемелік;
- ұйымдастырушылық;
- мобильді әрекет ету;
- кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- ведомствоаралық және ведомствоішілік өзара әрекеттестік;
- халықаралық әріптестік.

ПҚО мақсаты жергілікті деңгейінде білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың (заңды өкілдердің) психологиялық әл-ауқатын сақтауға және нығайтуға бағытталған психологиялық қызметтің бірыңғай жүйесін құру болып табылады.

ПҚО Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес психологиялық және педагогикалық қызмет көрсетеді. ПҚО қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы қамтамасыз етеді (келісім бойынша).

2024 жылдың 1 маусымынан бастап Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ өз жұмысын бастады.

ПҚО мақсаты Астана қаласы деңгейінде білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың (заңды өкілдердің) психологиялық әл-ауқатын сақтауға және нығайтуға бағытталған психологиялық қызметтің бірыңғай жүйесін құру болып табылады.

Елорданың Білім басқармасы 50 штаттық бірліктің штаттық кестесін бекітті, Достық көшесі 13 мекен-жайында орталық кеңсе (280 ш.м. жалға берілетін үй-жай) ашылды. Орталықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жағдайлар жасалуда. ПҚО қарамағында бірнеше бөлім жұмыс істейді, негізгі функцияны 3 бөлім орындайды:

- әдістемелік жұмыс бөлімі;
- психологиялық жұмыс бөлімі
- әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу бөлімі

ПҚО жұмысының негізгі бағыттары:

- білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерінің қызметін әдістемелік қолдау және үйлестіру;

- білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету;

- ӨҚЖ-да балаларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

1. «Әдістемелік жұмыс бөлімі»



келесі функцияларды орындайды:

- Балалардың барлық санаттарына психологиялық-педагогикалық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық көмектің сапасын басқару және білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет, қызметінің тиімділігін бағалау, олардың қызметіне мониторинг және талдау;

- психологиялық қызмет мамандарының біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру бойынша әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, «Жас психолог мектебі» жас мамандарды оқыту бойынша іс-шаралар өткізу;

- педагог-психологтарды аттестаттау және біліктілігін беру, растау рәсіміне дайындауға қатысу;

- оқу және оқу-әдістемелік құралдарды жоспарлау және басып шығару бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

2. «Психологиялық жұмыс бөлімі»

келесі функцияларды орындайды:

- Мемлекеттік білім беру ұйымдарының балалары мен ата-аналарына психологиялық көмек көрсетеді;

- консультациялар офлайн форматта, тегін, алдын ала жазылу бойынша жүргізіледі, консультацияларды орталықтың білікті психологтары жүргізеді. Балаларды, ата-аналар мен педагогикалық қауымын психологиялық-педагогикалық ағарту шеңберінде бөліммен семинарлар, вебинарлар, тренингтер, квест-ойындар, ақпараттық акциялар және т.б. іс-шаралар жүргізіледі. Педагогтердің кәсіби шаршауының алдын алу мақсатында бөлім психологтары педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтарға жүйелі түрде супервизия жүргізетін болады.

Елорданың Білім басқармасы Астана қаласының 5 ауданында «Есіл», «Сарыарқа», «Байқоңыр»,

«Алматы», «Нұра» 7 Кеңес кабинетін ашты: мектептер базасында 5 кабинет және ПҚО негізінде 2 кабинет. Орталық кеңсе негізіндегі «Есіл» және «Нұра» аудандары үшін, Достық көшесі 13, «Нұрсая-2» ТК, 2 қабат, 213, 214 кабинеттер.

«Сарыарқа» ауданы үшін 2 кабинет жұмыс істейді, келесі мектептер негізінде:

- №11 МЛ, Абай көшесі, 6
- № 105 ОМ, Шантөбе көшесі, 12

«Алматы» ауданы үшін 2 кабинет жұмыс істейді, келесі мектептер негізінде:

- № 22 МГ Жирентаев көшесі, 16
- № 92 МГ Дауылпаз көшесі 1/1

«Байқоңыр» ауданы үшін келесі мектеп негізінде:

- № 10 МГ Ғабдулин көшесі, 7

2024 жылдың 1 маусымынан бастап бүгінгі күнге дейін 276 жеке консультация (104 ата-анамен, 109 баламен, 63 педагогпен) өткізілді,

елорданың 11 мектебінде ПҚО психологтары бастауыш сынып оқушылары үшін көшпелі «Қауіпсіздік сабақтарын» өткізді, барлығы 531 баланы құрады. Оқу жылының басынан бастап ата-аналарға арналған «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық қолдау» тақырыбында көшпелі ағарту семинар-тренингтері өткізілді, барлығы 323 ата-ананы құрады.

3. Әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу бөлімі

Қойылған міндеттерді орындау үшін ПҚО қызметкерлері тобының жолға шығуларымен шұғыл ден қою қажет, онда олар зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, буллингке және кәмелетке толмағандардың құқықтарын басқа да бұзушылықтарға ұшыраған немесе құрбан болған балаларға көмек көрсетеді. Осы жұмысты жетілдіру мақсатында Астана қаласының Білім басқармасы



«Әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу» бөлімінің ашылуына бастамашылық жасады. Бөлім қызметінің бағыты:

- елорданың барлық мемлекеттік білім беру ұйымдары әлеуметтік педагогтарының қызметін үйлестіру;

- ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру.

- Астана қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссия отырыстарының қорытындысы бойынша ұсынымдарды орындау;

- өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсету;

- өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға, зорлық-зомбылықпен, қорқытумен (буллингпен), өз-өзіне қол жұмсау жолға шығу кезінде ұйымдармен, түрлі әлеуметтік қызметтердің, ведомстволар мен әкімшілік органдардың мамандарымен ведомствоаралық өзара әрекет жасау. ПҚО ашылғаннан бері бөліммен «Мобильдік ден қою тобының» 31 сапары жүзеге асырылды, өмірлік қиын жағдайларға тап болған барлық балаларға әлеуметтік қолдау көрсетіледі және отбасымен психологиялық кеңес беру жұмысы жүргізіледі.

Бүгінгі таңда біздің қоғам алдында үлкен және маңызды міндет тұр, бұл өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне белсенді қосу және Орталықтардың қызметі мемлекеттің осы бағытта қойған міндеттерін іске асыруға бағытталуы тиіс.

Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ басшысы Капанова Гульмира Кадырбаевна

Қосымша ақпарат:

- педагогика ғылымдарының магистрі;

- «Педагог-шебер» біліктілігінің практик психологы;



- «Психологиялық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды» әзірлеуші сарапшы, ҚР Оқу-ағарту Министрлігі Астана қаласының негізгі нормативтік құжаттары бойынша нұсқаулығы, 2024ж.;

- Санкт-Петербург қаласындағы «АМАЛТЕЯ» ҒӨФ-ның атомдандырылған психодиагностика және түзету жүйелерімен жұмыс жөніндегі халықаралық шебер-жаттықтырушысы;

- 2020ж. «Жасөспірімдерге алғашқы психологиялық кеңес беру» бағдарламасы бойынша өңірлік жаттықтырушы

- 2021 жылдан бастап ҚР педагог-психологтарына арналған Ұлттық тестілеу, біліктілік тестілері орталығының әзірлеушісі және сарапшысы;

- 2022 ж; «Орта білім беру ұйымдарындағы қызмет қағидаларын қатайту туралы» 25.08.2022 ж. ҚР

Оқу-ағарту Министрлігінің № 377 бұйрығын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі,

- 2022 жылдан бастап Алтынсарин атындағы КЕАҚ жанындағы «Педагог-шебер» біліктілігіне мәлімделген ҚР педагог-психологтарының портфолиосын сараптау жөніндегі сараптама комиссиясының мүшесі.

- «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің психологтар қауымдастығы» ББ командасында ҚР Білім беру ұйымдарындағы балалардың зорлық-зомбылығының алдын алу және оған ден қою жөніндегі стандартты операциялық рәсімдер жобасын әзірлеуші, ұлттық сарапшы, (2022ж);

- 2020ж. «Sofia» ата-аналарға арналған Халықаралық онлайн-мектеп» жобасының лекторы,.

- 2024 жылдан бастап Астана қаласы Білім басқармасының жанындағы кәмелетке толмағандар комиссия жөніндегі комиссияның мүшесі.;



ОСНОВНАЯ МИССИЯ ЦЕНТРОВ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана» обозначено важное направление развития психологической службы в системе защиты прав детей: «...Важно также психическое здоровье подрастающего поколения». Требуется институционно усилить в общеобразовательных учреждениях службу психологической поддержки..»



В 2024 году по поручению Президента РК в 20 регионах открылись Центры психологической поддержки. Открытие Центров психологической поддержки предусмотрено в рамках «Комплексного плана по защите детей от насилия, превенции суицида и обеспечению их прав и благополучия на 2023-2025 годы» по постановлению Правительства Республики Казахстан от 31 августа 2023 года №748.

Организация работы «Центров психологической поддержки» (далее ЦПП) во всех регионах Республики Казахстан должна вестись согласно приказу Министерства просвещения Республики Казахстан №31 от 13.02.2024г. в соответствии с «Методическими рекомендациями по организации деятельности центров психологической поддержки».

ЦПП рекомендуется осуществлять свою деятельность по следующим основным направлениям:

- консультационно-развивающее;
- научно-методическое;
- организационное;
- мобильное реагирование;
- повышение профессиональных компетенций;
- межведомственное и внутриведомственное взаимодействие;
- международное сотрудничество.

Целью деятельности ЦПП является создание на уровне, единой системы психологической службы, направленной на сохранение и укрепление психологического благополучия обучающихся, воспитанников, педагогов, родителей (законных представителей).

ЦПП оказывают психологические и образовательные услуги в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. Координация деятельности ЦПП обеспечивается Департаментом воспитательной работы и дополнительного

образования Министерства просвещения Республики Казахстан, Некоммерческим акционерным обществом «Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен» Министерства просвещения Республики Казахстан (по согласованию).

С 1 июня 2024 года в г. Астана начал работу КГУ «Центр психологической поддержки» акимата г. Астаны.

Целью деятельности ЦПП является создание на уровне города Астаны, единой системы психологической службы, направленной на сохранение и укрепление психологического благополучия обучающихся, воспитанников, педагогов, родителей (законных представителей).

Управлением образования столицы утверждено штатное расписание 50 штатных единиц, открыт центральный офис (арендное помещение 280 кв.м) по адресу ул. Достык 13. Создаются все необходимые условия для обеспечения бесперебойной работы Центра. При ЦПП работают несколько отделов, основная функция выполняется 3 отделами:

- отдел методической работы;
- отдел психологической работы
- отдел социально-педагогического сопровождения

Основные направления работы ЦПП:

- методическая поддержка и координация деятельности психологических служб организаций образования;
- оказание психолого-педагогической консультативной помощи участникам образовательного процесса;
- социально-педагогическое сопровождение детей в ТЖС.

1. «Отдел методической работы» выполняет следующие функции:

- Обеспечение доступности психолого-педагогической помощи всем категориям детей, управление качеством психолого-педагогической помощи и оценка эффективности деятельности психологической службы в организациях образования, мониторинг и анализ их деятельности;

- организация и проведение методических мероприятий по повышению квалификации и профессионального мастерства специалистов психологических служб, проведение мероприятий по обучению молодых специалистов «Школа молодого психолога»;

- участие в подготовке к процедуре аттестации и присвоения, подтверждения квалификации педагогов-психологов;

- организация работ по

планированию и изданию учебных и учебно-методических пособий.

2. «Отдел психологической работы» выполняет следующие функции:

- Оказывает психологическую помощь детям и родителям государственных организаций образования;

- консультации проводятся в офлайн формате, бесплатно, по предварительной записи, консультации проводят квалифицированные психологи центра.

В рамках психолого-педагогического просвещения детей, родительской и педагогической общественности отделом проводятся мероприятия: семинары, вебинары, тренинги, мастер-классы, квест-игры,





информационные акции и т.д.

С целью профилактики профессионального выгорания педагогов психологами отдела систематически будут проводиться супервизии для педагогов-психологов и социальных педагогов.

Управлением образования столицы в 5 районах города Астаны «Есиль», «Сарыарка», «Байконур», «Алматы», «Нура» открыты 7 кабинетов консультаций: 5 кабинетов на базе школ и 2 на базе ЦПП.

Для районов «Есиль» и «Нура» на базе центрального офиса, ул. Достык 13, ЖК «Нурсая-2», 2 этаж, кабинеты 213, 214.

Для района «Сарыарка» функционируют 2 кабинета на базе:

- ШЛ №11, ул.Абая 6
- СШ № 105, ул Шантобе 12

Для района «Алматы» функционируют 2 кабинета на базе:

- ШГ № 22 ул. Жирентаева 16
- ШГ № 92 ул.Дауылпаз 1/1

Для района «Байконур» на базе:

-ШГ № 10 ул. Габдулина 7

С 1 июня 2024 г. на сегодняшний день уже проведено 276 индивидуальных консультации (104 с родителями, 109 с детьми, 63 с педагогами), в 11 школах столицы психологами ЦПП проведены выездные «Уроки безопасности» для учащихся начальных классов, охват составил 531 детей. С начала учебного года проведены выездные просветительские семинары-тренинги для родителей на тему: «Психологическая поддержка родителей первоклассников», охват составил 323 родителей.

3. Отдел социально-педагогического сопровождения

